

Дәріс 8. Қарым-қатынас жүйелері арасындағы конфликттер.

Жоспар:

- 1. Қарым-қатынастың формалды және формалды емес жүйелері арасындағы конфликттер.**
- 2. Топаралық конфликттер және олардың туындау себептері.**
- 3. Топтық конфликтінің салдары.**

Көптеген формалды емес топтар формалды ұйымның негізінде туындайды (мысалы, цехтың футбол командасы). Алайда формалды емес топ формалды ұйымға ауысуы да мүмкін (мысалы, достар тобы өз фирмасын жасайды). Формалды емес топтың мүшелері қарым-қатынастың формалды және формалды емес екі жүйесінде өзара әрекет етеді.

Қарым-қатынастың формалды және формалды емес жүйелері арасындағы қайшылықтар мен конфликттер қарым-қатынастың түрлі жүйелерінде бір адамның алатын мәртебелік-рөлдік (функционалдық) позицияларындағы айырмашылық негізінде де туындайды. Мысалы, формалды емес топ көшбасшысы формалды ұйымның қатардағы қызметкері болуы да мүмкін, оның негізінде аталған топ қызмет атқарады, ал ұйымның басшысы – формалды емес топтың қатардағы мүшесі болып табылады.

Егер топ өз көшбасшысын қолдайтын болса, формалды және формалды емес көшбасшыларының тұлғааралық конфликтті толық масштабты болуы мүмкін.

Мұндай жағдайда конфликттерді шешудің төмендегідей нұсқалары туындауы мүмкін:

Басшы мен формалды емес көшбасшы арасында келісімді табу, мысалы, әсер ету саласына (формалды және формалды емес) шек қою.

Басшы топ мүшелерінің белгілі бір бөлігін өз тарапына тарту үшін формалды емес топ мүшелері арасынан келіспеушілікті табады. Егер осындай нұсқа жүзеге асса, топ екі шағын топтарға бөлінуі мүмкін.

Ұйым (бөлімше) бастығын ауыстыру. Бос орынды формалды емес көшбасшы иелену жағдайы да болуы мүмкін.

Конфликтті әкімшілік тәсілдермен жою. Конфликтті осылайша реттеу нұсқасы кезінде барлығын (өз еркімен не мәжбүрлі түрде) немесе формалды емес топтың белгілі бір бөлігін жұмыстан босату үдерісі оның салдарына айналуы мүмкін.

Топаралық конфликттер — жеке топтардың арасында конфликттік қайшылық туындауына байланысты олардың қақтығысуы.

Әлеуметтік (топтық) сәйкестік феномені төмендегідей негізгі ережелерді қамтиды:

Индивидтің позитивті «МЕН» бейнесін және өзіндік әлеуметтік сәйкестігін сақтауға тырысу;

топ құрамына енушілік;

салыстыру қағидаты бойынша топты бағалау;

жеке өз тобының артықшылығын оң және қарсы топты теріс бағалау.

Топтық конфликттердің негізгі салдары

Топтағы маңызды мәселелерді шешу

Әлеуметтік шиеленісті жою және күштің жаңаша орналасуын бекіту

Топтағы ұйымдастырушылық өзгерістер

Құндылық-нормативті жүйедегі өзгерістер

Айыптыны іздеу

Топтың ыдырауы

Шағын топтардың құрылуы

Топішілік бірлікті күшейту

Өзге ойды ұстанушы мүшелерді жою

Басшының пайда болуы немесе ауысуы

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1.Топтағы және топтық конфликт арасындағы өзгерістердің өзара байланысы қандай?
- 2.Формальды және формальды емес қарым-қатынас жүйелерінің арасындағы конфликт туындауының негізгі себептерін атаңыз.
- 3.Сіз әлеуметтік (топтық) сәйкестік феноменін қалай түсінесіз?
- 4.Топтық конфликттің негізгі салдарын атаңыз.

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Кричевский Р. Л., Дубовская Е. М. Психология малой группы: теоретический и прикладной аспекты. — М., 1991. — С. 147, 176.
2. Смелзер Н. Социология — М., 1994. — С. 147.
3. Соломкина М. М. Изменение как социологическая проблема и как системный феномен. // Вестник Московского университета. Серия 18. Социология и политика. — 1998. - № 1. - С. 97—98.